

# «Қазығұрт аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МҚҚ

## ХАТТАМА №4

24.04.2023 жыл

Қазығұрт елді мекені

«Қазығұрт аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МҚҚ-да «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және болдырмау мақсатында түсіндіру жұмысы туралы» кезектен тыс жиналышы.

Өткізілген орын: Қазығұрт аудандық орталық ауруханасының мәжіліс залы.

Қатысқандар:

Комиссия төрағасы: С.Рысбаев – басшы орынбасары м.а.

Қазығұрт аудандық орталық ауруханасы басшысының орынбасарлары, бөлім менгерушілері, дәрігерлері, орта буын және әкімшілік бөлімнің қызыметкерлері.

Комиссия хатшысы: К.Алишева

## К Ү Н Т Ә Р Т І Б І:

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және болдырмау мақсатында түсіндіру жұмысын жүргізу.

## Т Ү И Н Д А Л Д Ы:

«Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және болдырмау мақсатында түсіндіру жұмысын жүргізу бойынша» комиссия төрағасы, Қазығұрт аудандық орталық ауруханасы басшысының орынбасары м.а. С.Рысбаев: Сыбайлас жемқорлықпен түбегейлі күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор. Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылады. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш жігерін біріктіріп, осы дерптің одан әрі таралмауы үшін оған бөгет болудың барлық амалдарын жасау және түбегейлі қарсы тұруға болады.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі күннің күрделі мәселесі болып отыр. Сыбайлас жемқорлық қоғамдық өмірдегі ең қауіпті факторлардың бірі болып табылады, ол мемлекеттің жалпы ұлттық қауіпсіздігінің жағдайына ғана емес, сонымен қатар оның барлық құрамдас бөліктеріне де зиянды әсер етеді. Мемлекеттік сатып алу, мемлекет қаржысын талан-тараж етіп, ысырап қылу, жер телімін заңсыз беру, дуние-мұлкін, ақша капиталын салық декларациясынан, яғни мемлекеттен жасырып қалу сияқты мемлекет

қалтасына қауіп төндіретін жат қылыштар әлі де баршылық. Қазіргі таңда қоғамымызға, қауіп төндіріп, орасан кесел келтіретін осынау келенсіз әлеуметтік құбылысқа қарсы шаралар қатаң қолға алынып жатыр деп баяндап өтті.

Қазығұрт аудандық орталық ауруханасы заң кеңесшісі Д.Мадибеков өз сөзінде: Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік Қылмыстық Кодексте және «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексте көзделген.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтауды, жолын кесуді, ашуды, тергеп-тексеруді және алдын алуды және оларды жасауға кінәлі адамдарды жауапқа тартуды өзі құзыretі шегінде прокуратура, Ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер, әскери полиция органдары, экономикалық тергеп-тексеру қызметі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті жүзеге асырады.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі анықталған жағдайда азаматтар 1424 тегін call-орталығына қонырау шалып, мемлекетке хабарлай алады. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзгеше түрде жәрдем көрсететін адам мемлекет қорғауында болады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адам туралы ақпарат мемлекеттік құпия болып табылады және занда белгіленген тәртіппен ұсынылады. Көрсетілген ақпаратты жария ету занда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы көріну жалған ақпартты хабарлаған адам заңға сәйкес жауапты болатыны туралы айтып өтті.

Комиссия төрағасы

С.Рысбаев

Комиссия хатшысы

К.Алишева





